

«Қалалық білім бөлімі» мемлекеттік мекемесіне қарасты жалпы білім беретін
М.Отаралиев атындағы орта мектеп коммуналдық мемлекеттік мекемесі

Қамқоршылық кеңесінің отырысы

Хаттама №1

02.04.2022 ж

Қатысқандар:

Альбеков Тулеген - АО «Атырау Жарық» байланыс қызметі,
Есенғалиева Райгүл Бакетовна- ИП «Сармолдаев»
Қалмурзин Қабатай- Еңбек ардагері
Карабалин Дулат- ИП «Карабалин»
Жұлмағамбетов Нурбол- ИП «Saken story Group»
Ажмухамбетов Мейрамбек Султанович- Атырау обл.кәмелетке толмағандар сотының жеке сот орындаушы
Досанов Жарылғасын- ЖШС «КТР» компаниясы
Жұмағалиева Гүлсара Казбулатовна - медбике
Абижанов Эльдар Ящевич- Жеке кәсіпкер
Айманкумова Айымгүл Дулатовна-ИП «Aimg Group»
Сырлыбаева Айымгүл-№4 қалалық емхана медбике
Сарбалаева Салтанат Тұрланқызы- М.Отаралиев орта мектебі мұғалім

Қатыспағандар:

Мұңбаев Марғұлан Жасенұлы- Атырау обл №1 қалалық полиция бөлімінің учаскелік полиция инспекторының аға лейтенанты
Кадиркулова Айсұлу-«Нұр Отан» Партиясы

Күн тәртібінде:

1. Білім беру ұйымдарының білім алушылары мен тәрбиеленушілердің құқықтарының сақталуын қадағаяу.
2. Білім беру мекемесінің шотына түсетін қайырымдылық көмектің жұмсалуына қоғамдық бақылауды жүзеге асыру
3. Білім беру ұйымы қызметінің мәселелері бойынша конференцияларға, кеңестерге, семинарларға қатысу
4. Отбасылық тұрмысы нашар толық емес және көп балалы отбасыларымен алдын ала жұмыс жүргізу .Көмек қажет ететін отбасыларының тізімін жасақтап көмек көрсету

Тыңдалды:

Мектеп директоры Куанова .А.К

I.«Болашақта еңбек етіп,өмір сүретіндер –бүгінгі мектеп оқушылары.Мұғалім оларды қалай тәрбиелесе ,Қазақстан сол деңгейде болады.Сондықтан ұстазға жүктелетін міндет ауыр»,-деп тұңғыш Елбасымыз айтқандай мұғалімдеріміз білім алушыларға білім беру стандарттарына сәйкес сапалы білім беруде. 2021 -2022 оқу жылында төмендегідей міндеттер атқарылды. Пәндер бойынша білім негізін салатын,білім стандарттарын игеру деңгейін қамтамасыз ету оқу жоспары құрылып бекітіліп,педагогикалық шығармашылықты дамыту және түрлі бастамаларды іске асыру мақсатында мектебімізде әдістемелік жүйе қалыптасты. Жаңа білім беру технологияларын игеру арқылы педагогикалық шеберлікті көтеру әдістері жетілдірілді.Педагогтердің кәсіби шеберлігін арттыру бойынша пәндік әдістемелік бірлестік жұмысы белсенді жүргізіліп,сабақтың дәстүрлі емес түрлерін дайындау,өзін-өзі талдау,өзін-өзі бақылау технологиялары жетілдірілген болатын.Білім беру үрдісінің мониторинг және диагностика жүйесі ,кәсіби құзырлық және педагогтерді әдістемелік дайындау жұмыстары жүргізілді. Сабақтарда тест қолданып,қосымша сабақтар ,ашық сабақтар ұйымдастырылып , жұмыстар жүргізілді. III тоқсан бойынша білім сапасы 50,3 % құрап отыр.Алдыңғы оқу сапасы

мен салыстырғанда өсу көрсеткіші 2 % көрсетіп отыр. Тәрбие жұмысы бойынша сыныптарда жоспарға сай сынып сағаттары өткізілді. Тәрбиелік шараларды атайтын болсақ «Зорлық-зомбылықсыз балалық шақ», «Тарихи тұлғалар тағылымы», «Аналар мерекесі», «Наурыз» т.б шаралар өтті. Сонымен қатар оқушыларымыз қалалық олимпиададан 5 «А» сынып оқушысы Уразғалиева Диана, 5 «А» сынып оқушысы Досанова Айша 6 «А» сынып оқушысы Бекқожин Исмайл, 6 «А» сынып оқушысы Алдоңғарова Құралай жүлделі орындарға ие болды. «Ақбота», «Алтын сақа» олимпиадасынан көптеген оқушыларымыз жетістікке жетті. Қалалық олимпиададан өзін-өзі тану пәні Шайдолла Диляра, Бөлекбай Дильназ, Мұхтар Айымгүл жүлделі орын алды. «Мұқағали оқуы- 2022» II орын 8 сынып оқушысы Қисым Нұрым «Махамбет оқулары» 8 сынып оқушысы Қисым Нұрым «Алғыс хат», «Ұшқыр ой алаңы» дебат турнирі АПФ, КПФ форматтары бойынша 6-8 сынып «Алғыс хат» 9-11 сынып оқушылары «Алғыс хатпен» марапатталған болатын. Сонымен қатар осы оқушыларға театрлық қойылымға мектеп әкімшілігі атынан 10 жолдама берілді. Мектеп бойынша ыстық тамақпен 1-4 сынып бойынша 194 оқушы қамтылған. Бір айға бөлінген 1014600 теңге бөлінген. 5-11 сынып бойынша 37 оқушы қамтылған. Бір айға 197580 теңге бөлінген. Қамқорлық айлығында 114 000 теңге қаражат жиналды. Оның 25 000 қамқоршылық кеңес құрамының көрсеткен көмегі және қалған қаражат мектеп мұғалімдері көрсеткен көмегі болатын. Сол қаражатқа аз қамтылған 17 оқушыға киім-кешек табысталды. Ендігі кезекте үштік одақ болып бірігіп, жұмыс жүргізсек жақсы жетістіктерге жететініміз сөзсіз. Сондықтанда оқушылар, сынып жетекші, ата-ана бірлесіп мұражайларға бару, бірлескен сайыстар өткізу, «Ашық есік» күнін ұйымдастыруды жоспарлап отырмыз. Осы бағытта жұмыстарды бірлесе атқаратын боламыз.

II. Талқылау.

Ата-аналар 2 топқа бөлінді. Ата-аналар күн тәртібіндегі тыңдалған мәселелер бойынша өз пікірін білдіріп, ұсыныстарын білдірді.













Сөйледі: 1 топ ата-аналары; жоғарыдағы тыңдалған мәселелерге келетін болсақ жақсы жұмыстар жасалғандығын көруге болады. Алайда жұмысты одан әрі жұмысты жандандырып, ата-ана қарым-қатынасын нығайту үшін әр түрлі жарыстар бала мен ата-аналар арасында ұйымдастыруды қолға алуымыз керек екендігін, балалардың жан-жақты қазіргі заманға сай азамат пен азаматша болып қалыптасуы үшін, информатика сабағында құрылғыларды пайдаланып, әр түрлі программалармен тапсырмалар орындау керек екендігін атап өтті.

2 топ ата-аналары: Біздер күн тәртібіндегі атқарылған жұмыстардың жақсы деңгейде жасалғандығын көріп отырмыз. Жұмыстарыңыз алға баса берсін дегіміз келеді. Келесі кезекте 1 топ ата-аналары айтып кеткендей информатика пәнін тереңірек оқып, білу үшін балаларға қолайлы жағдай жасау керек деп есептейміз. Ерекше назардағы оқушыларға көңіл бөліп, көңіл күйлерін көтеріп, ортамен қарым-қатынас жасауға қолдау білдіруіміз керек. Мектеп ауласына сайыстар өткізіп, талдар егіп, жасыл желекке айналдырсақ нұр үстіне нұр болар еді.

III. Ата-аналарға команда жұмысы туралы видео ролик көрсетілді. Видеода команда болып біріксек биік белесті бағындыруға болады дегендей астарлы ой көрсетілген. Алдағы жұмыстарды жандандырсақ, біз алмайтын қамал болмайтындығы айтылды. Одан соң ата-аналарға «Ұшақты алып қашу» ойыны тапсырмасы берілді. Бұл ойында ата-аналар белсенді болғанымен дұрыс нұсқасын таба алмады. Жиналыс соңында ата-аналардан «padlet.com» тақтасы арқылы кері байланыс жасалып, өздерінің ұсыныс пікірлерін жазды.

Шешім :

1. Асхана жұмысын, ыстық тамақтың сапасын бақылау ата-аналарға міндеттелсін.
2. «Ашық есік» күндері сабаққа қатысу ата-аналарға міндеттелсін.
3. Оқушылармен бірлесіп спорттық сайыстарға қатысу ата-аналарға міндеттелсін
4. Мәдени орындарға, мұражайларға бару жұмыстары алға қойылып, оқушыларды көлікпен қамтамасыз ету ата-аналарға міндеттелсін.
5. Мектеп айналасын көгалдандыру жұмыстарын жандандыру қамқоршылық кеңес мүшелеріне міндеттелсін.

Қамқоршылық кеңес төрағасы:		Т. Альбеков
Хатшы :		С. Сарбалаева
Қамқоршылық кеңес мүшелері:		Р. Есенғалиева
		К. Қалмурзин
		Д. Карабалин
		Н. Жулмагамбетов
		М. Ажмухамбетов
		Ж. Досанов
		Г. Жумағалиева
		Э. Абижанов
		А. Айманкумова
		А. Сырлыбаева